

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) туралы ереже	1 беттің 1 беті




САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (MINOR)  
ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

СМЖ ОҚПУ Е 7.32-2023

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b>		
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімінің басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Әзірлеген:</b>		
Академиялық істер департаментінің директоры		Бердалиев Д.Т.


Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>26</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>24</u> » <u>10</u> 20 <u>26</u> ж. дейін ұзартылды: « <u>  </u> » <u>  </u> 20 <u>  </u> г.	Енгізілді: № <u>14</u> бұйрық  Енгізілген күні: « <u>26</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж.	<b>СМЖ ОҚПУ Е 7.32-2023</b>  Басылым 1 Тіркеу № <u>1</u> Көшірме № <u>  </u>
---	---	--

FK № 14. 26.10.23

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) туралы ереже	6 беттің 2 беті

### Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Глоссарий	4
4 Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асыру механизмі	4
А қосымшасы өзгерістерді тіркеу парағы	6

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) туралы ереже	6 беттің 3 беті

## 1 Жалпы ереже

1.1 Осы Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) туралы ереже «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің атындағы университеті» КеАҚ қосымша білім беру бағдарламасының (Minor) негізгі ұғымдарын, форматын, ұйымдастыру жәнешарттарын айқындайды.

1.2 Қосымша білім беру бағдарламасының мақсаттары (Minor):

- түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі;
- екі білім беру бағдарламасының аясында еңбек нарығында жұмыс істеу немесе сабақтас саланы қалыптастыру мүмкіндігі - негізгі (Major) және қосымша (Minor).

1.3 Қосымша білім беру бағдарламасының міндеттері (Minor):

- білім сапасын және кәсіби дағдыларды меңгеру тиімділігін арттыру;
- бәсекеге қабілетті еңбек нарығында түлектерге барынша жұмысқа орналашу мүмкіндігін беру үшін жағдай жасау;
- білім алушылардың оқыту бағытын еркін таңдау мүмкіндігімен кредиттік білім беру технологияларын енгізу;
- еуропалық аймақта және одан басқа жерлерде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы қазақстандық дипломдардың конверсиялануы;
- білім алушылардың ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- білім беру нарығында Университеттің беделін нығайту.

1.4 Университетте осы Ереже аясындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асырады:

- Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
- Құрылым басшылары ( кафедра меңгерушілері, бөлім жетекшілері, тіркеу офісі)

1.5 Осы Ереже Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің қызметінің құқықтық шарттарының, халықаралық келісімдердің және Университетте қолданылатын нормативтік базаның өзгеруіне қарай нақтылануы, толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

1.6 Ережеге өзгертулерді «Өзгертулерді тіркеу парағында» міндетті түрде белгілеу арқылы АІД директоры енгізеді (А қосымшасы).

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы

	«Өзбекәлі Жәнібекөв атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) туралы ереже	6 беттің 4 беті

Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы;

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

### 3. ГЛОССАРИЙ

**Major** - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

**Minor** - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

**Жеке оқу жоспары** (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына өзі дербес қалыптастыратын білім алушының оқу жоспары;

**Таңдау компоненті** (бұдан әрі - ЭБ) - студенттердің пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде өз бетінше таңдайтын, университет ұсынатын академиялық пәндердің тізбесі және академиялық кредиттердің сәйкес ең төменгі мөлшері.

### 4. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқытуды жүзеге асыру механизмі

4.1. Білім алушы академиялық тәлімгері – эдвайзердің көмегімен оқу жылға арналған оқытудың жеке траекториясын қалыптастырады.

4.2. Білім алушылар оқытудың жеке траекториясын анықтау кезінде жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті аясында негізгі (Major) білім беру бағдарламасы пәндерін және (немесе) қосымша (Minor) білім беру бағдарламасы пәндерін таңдай алады.

4.3. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі аралас және бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

4.4 Қосымша білім беру бағдарламасының пәндер каталогы (Minor) университет деңгейінде қалыптастырылады және білім алушыларға ұсынылады. Білім алушылардың қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерге тіркеу академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Пәнді оқуға білім алушыларды тіркеуді Тіркеу офісі ұйымдастырады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» ҚЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Қосымша білім беру бағдарламасы (minor) туралы ереже	6 беттің 5 беті

4.5. (Minor) білім беру бағдарламасы бойынша әдістемелік-ұйымдастыру және консультациялық жұмыстарды өткізу үшін *кестеге* сәйкес әдвайзерлер және жетекшілік ететін кафедра оқытушылары презентациялар өткізеді. Білім алушылар Minor пәндердің сипаттамасын мұқият оқып шығып, оған тіркелу керек.

4.6. Минордың ерекше белгілері:

-бакалавриат бағдарламасы бойынша оқудың кестеге сәйкес семестрдің соңында барлық білім алушыларға таңдауға ұсынылады;

- әрбір білім алушы бір Minor таңдайды;

- жүйелі түрде оқитын үш пәннен тұрады;

- еңбек сыйымдылығы білім беру бағдарламасының негізгі бөлігіне енгізілген (Minor пәндері үшін кредиттер негізгі бағдарламаның 240 кредитіне кіреді).

